

устный анализ, анализ действий, методика, методы и приемы, виды упражнений, контрольные работы.

Abstract

This article talks about the ways of forming of skills of literate writing, correct speech of students in the Kazakh language, also discuss the methods of exercises, types of exercises, the role and importance of exercises for the development of written and oral speech of students.

Key words: Competent writing Kazakh language, Kazakh speech, patterns of sound, grammar, the development of the system of the literary language, vocabulary, report, conversation, interview, work with a book, learning the language, training work, spelling rules, verbal analysis, action analysis, methodology, methods and techniques, types of exercises, control works.

ҒТАМТ 18. 41. 91

Г.Т. Рысқалиева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

gryskaliyeva@mail.ru

КӨШПЕНДІ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫ

Андатпа

Мақалада қазақ халқының ұлттық өнерінің әртүрлі жанрларының көшпенділік өмір салты жағдайындағы даму тарихы мен қалыптасу ерекшеліктері баяндалады. Қазақ өнерін басқа түркі тілдес халықтардың өнер түрлерімен салыстырылады. Халықтардың өмір сүру салтына қарай өнерінің өркендеуі айтылады. Домбыра, қобыз бен сыбызғы аспаптарына тоқталып, аспап орындаушыларана берілетін атауларға мінездеме беріледі.

Негізгі сөздер: Тарих, дәстүрлі айтыс өнері, күй өнері және ұлттық аспаптар, өнер шеберлері, өнердің тұрмыспен байланысы, халықтың салт-дәстүрі.

Өткен ғасырларда көшпенді өмір салтын ұстанған халықтардың музыка өнері олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты дамыған.

Қазақ халқы біздің дәуірімізге дейінгі 1 мыңжылдықтан бастап XX – ғасырға дейін көшпенділікпен айналысқан. Ғасырлар бойына қалыптасқан өмір салты халықтың рухани өміріне тікелей әсер етті. Атап айтқанда ұжымдық би өнері, хор өнері мен аспаптық ансамбль дамыады.

Көшпенді өмір салтында өнердің бір ғана түрі- жеке орындаушылық өнер жақсы дамиды. Дәстүрлі музыка жанрларының барлығы жеке орындаушылық түрде дамыған. Қазақтарға қарағанда түркі тілдес егін шаруашылығымен айналысқан өзбек, ұйғыр халықтарында музыка аспаптарының түрлері молырақ. Отырықшыл өмірдің арқасында бұл халықтар би өнерінде жақсы дамытқан. Басқа халықтарға қарағанда монғолдардың жеке орындаушылық өнерінің дамуы қазақтарға ұқсас және қатты дамыған.

Жер шаруашылығымен кәсіптенген халықтарда мысалы, орыстарда жеке жанр болып қалыптасқан еңбек әндері бар. Олардың көбісі күнтізбелік деп аталады, мысалы, кейбір әндер көктемде жер жыртып, егін еккен кезде айтылса, басқалары күзді күні астық жинаған кезде орындалады. Арнайы әндер жазғы және қыс айларындағы мейрамдарда орындалады. Күнтізбеге лайықталмаған еңбек әндері жұмыс істеу кезінде адамдардың күш-қуаттарын жұмылдыру үшін және іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін қолданылады.

Қазақ халқының бұрынғы кезде негізгі кәсібі мал бағу ғана болғандықтан, дәстүрлі музыка саласында еңбек әндері жеке жанр болып қалыптаспаған. Сол сияқты, күнтізбелік әндер де жоқтың қасы, өйткені ХХ ғасырға дейін қазақ халқы бір жылдық емес, көне заманнан бері келе жатқан 12 жылдық (мүшелдік) күнтізбені қолданған.

Дәстүрлі музыка ішінен күнтізбелік ән деп бір ғана жанрды атауға болады, ол-Жарапазан. Жарапазан әні алғашында Наурыз мейрамында орындалған. Бұл күні адамдар бір-бірін Жаңа жылмен құттықтап қонаққа барған, наурыз көже пісіріп дастархан жайған. Кешкісін жастар мен балалар топ-топ болып үй аралап Жарапазан әнін айтқан. Сол үшін үй иелері оларға құрт,шелпек, бауырсақ, тағы басқа тәтті тағамдар берген. Жарапазан әні Ораза айт мейрамында да орындалатын болған.

Қазіргі кезде ұмытыла бастаған, сол себепті көпшілік біле бермейтін әдет-ғұрыптардың бірі-жаңбыр шақыруға арналған Тасаттық рәсімі. Өзі куә болған фольклор зерттеушісі Г.Байтенованың айтуынша, солтүстік Қазақстандағы бір ауылдың тұрғындары таң атпай өзеннің жағасына шығады, сол жерде Құран оқып күннің шығуын қарсы алады. Содан соң арнайы дайындалған қойды құрбандыққа шалады. Үлкен-кішісі болып бәрі өзеннің жағасында демалады. Күн бата ауылына қайтқан кезде бәрі кенеттен жауған нөсер жауынның куәсі болады.[1]

Қазақ халқының музыкалық фольклорында жиын-тойларда, жанұялық мейрамдарда, ойын-сауық кештерінде орындалатын тұрмыс-салт әндері бар. Оның ішінде халықтың ерекше ұнататыны – тұрмыс-салт айтыстары: Қайым айтыс, Жұмбақ айтыс, Өтірік айтыс, Шешен айтыс.

Қайым айтыс көбінесе жігіт пен қыздың арасында айтылады. Айтыс кезінде жастар бірін-бірі сынап, әзілдеп, дәл тауып айтылған өткір сөздер арқылы жеңіске жетуге тырысады. Дегенмен, Қайым айтыстың мақсаты жарыс қана емес. Кездесу кезінде жастар бір-біріне астарлы сөздер арқылы

махаббаттық сезімін білдіріп, сұхбаттасып қалуға тырысады. Сондықтан осындай кездесулерді қайымдасу деп те атайды.

Тұрмыс-салт айтыстың келесі түрі – *Жұмбақ айтыс*. Талап бойынша қарсыластары өлең түрде қойылған сұрақтың жауабын дұрыс тауып қана қоймай, оны қызықты, күлдіргі сөздермен жеткізуі керек. Жеңілгені қарсыласының кез келген талабын орындаған.

Өтірік айтыста қатысушылар өлең түрде қызықты әңгіме айтып, онысына бірде-бір шындық қоспауы керек.

Шешен айтыста айтыскерлер өзінің тапқырлығы мен суырып-салмалық қабілетін көрсетуге тырысқан.

Тұрмыс-салт әндерінде тәрбиелік мән басым болады, мысалы, ол «Не жаман», «Өмір туралы» әндерінен айқын көрінеді. «Не жаман» әндерінде дәстүрлі қоғамның жағымсыз жақтары айтылады, мысалы: ұрлық, ерке өскен қыз, жесір қалу, жетім қалған бала, кәрілік, жау шапқыншылығы, күйеуінен қайтқан қыз т.б. Қызықтысы, осы 13 «жаманның» ішіндегі ең жаманы – кедейлік («жоқ жаман»).

«Өмір туралы» әнде адамның бір жастан тоқсан жасқа дейінгі өмірі суреттеледі, кей кезде әзіл-сықақ түрінде орындалады.

Тұрмыс-салт әндерінің ішінде балаларға арналған әндер мен балалар әндері жеке-дара болып екі топты құрайды. Балаларға арналған әндерді ересектер орындайды (мысалы, «Санамақ», «Жаңылтпаш», «Төрт түлік мал», «Әлди-әлди»). Бұндай тәрбиелік мәні бар әндердің кейбіреулері баланы дұрыс және анық сөйлеуге үйретсе, басқалары малдың түрлерімен, олардың мінез-құлықтарымен таныстырады. Балалар әндерін балалардың өздері орындайды, олардың көбісі ойын кезінде айтылады, мазмұны да сол ойынмен байланысты.

Тұрмыс-салт әндеріне жергілікті таулар мен суларға арналған жер-су әндері де жатады. Алғашқы қоғам дәуірінде бұндай әндер жер, су, тау, орман иелеріне (пірлеріне) бағышталуы мүмкін. Кейін келе, әндердің бастапқы магиялық мазмұны ұмтылған кезде, олар тәлім-тәрбиелік мәні бар әндер ретінде сақталып қалған.

Домбыра, қыл қобыз және сыбызғы қазақ халқының негізі музыкалық аспаптары болған. Бұл аспаптардан басқалары аңыз әңгімелер, ертегілер мен жырларда жазылғандай тұрмыста, аңшылықтарда, жорықтарда, соғыс кезінде арнайы белгі беру үшін пайдаланылған.

Халықтың ең сүйікті аспабы-домбыра. Домбыраны күйшілер ғана емес, ақындар, жыршылар мен әншілерде кеңінен пайдаланған.

Аспаптық музыкада «күйші», «домбырашы», «қобызшы», «сыбызғышы» деген атаулар бар екені мәлім. Олар бір-біріне мағыналас болғанымен, айырмашылықтары да бар. Күйші деп өз жанынан аспапқа арнап күй шығарған және оны орындаушыны айтады. Ал домбырашы, қобызшы, сыбызғышы-олар белгілі бір шығарманы орындаушылар.

Күйшілік ертеректе қалыптасқан өнер түрлерінің біріне жатады. Күйшілік өнер тарихи дамуына қарай: фольклорлық кезең және жеке

авторлық кезең болып екі кезеңге бөлінеді. Фольклорлық кезеңде туындаған шығармаларда дәстүрлік ұғым басым болып, авторлық көзқарастың әлі қалыптаспағандығынан, сол кезеңдегі күйлер авторы беймәлім, халық күйлері деп тарихта қалған. [2]

Аспаптық музыканың ең көне үлгілерінің бірі-аңыз күйлер. Онда күй мен аңыз, музыка мен мәтін біртұтас. Мұндай күйлер мен аңыздар жеке-дара болып орындалмайды, өздерінің құрылымы мен мазмұны жағынан олар бірін-бірі толықтырып отырады. Аңызсыз жеке орындалған күй мән-мағынасынан айырылады. Кей кездерде, мысалы, қобызға арналған «Аққу» күйінде, домбыраға арналған «Ақсақ құланда», сыбызғы аспабына арналған «Бегім салда» күйдің ырғағы аңыздың басты сөздерін «айтып тұрғандай» сезіледі. Көне заманнан келе жатқан аңыз күйлерде музыканың бейнелеу мүмкіндігі кеңінен қолданылған, мысалы, аттың шабысы, құландардың жосуы, қасқырдың ұлуы, аққудың саңқылы.

Халық өмірінде орын алған маңызды оқиғалар мен тарихи тұлғаларға арналған тарихи күйлер мен әндер де болған. Мысалы, ежелгі Рим қолбасшысы Ескендір Зұлхарнайға (Александр Македонский), «Ақсақ Әмір» атанған Темірланға арналған әндер осы күнге дейін халық аузында сақталған. Халық әні «Елім-ай» жоңғар шапқыншылығы кезіндегі «зар заманды» бейнелесе, «Ел айрылған» күйі қазақтар мен ноғай руының бөлінуін сипаттайды. Ғасырлар бойы бірге өмір сүріп келген қарапайым халықтың екіге бөлініп, жақын туыстарынан айрылуы, туған жерін тастап, жат жерлерге көшуі осы күйде суреттеледі.

XVIII ғасырдың соңында Қазақстанның солтүстік-батыс өңірінде Сырым Датұлының қолбасшылығымен Ресей патшасының өкілдігіне қарсы ұйымдастырылған көтерілістің болғаны тарихтан мәлім. Халық күйі «Сырым сазы» сол тарихи тұлғаның бейнесіне арналған.

Авторлық кезеңде күй өнері кәсіби түрде қалыптасып, шарықтау шегіне жеткен кезі болғандықтан авторлардың жеке қолтаңбасы айқын байқалады. Бұл XVIII-XIX ғасырдағы күй өнерінің қарыштап дамыған кезеңі. Осы кезеңде туындаған күйлер аспаптық музыканың классикалық үлгілерін құрайды.

Домбыра күйлері-аспаптық музыканың ең көрнекті әрі кең тараған түрі. Қазақстанның кең-байтақ жерінің аймақтық дәстүрлерінің ерекшелігіне байланысты әр өңірде стильдік күйшілік мектептер қалыптасқан. Жалпы алғанда, домбыра күйлері төкпе және шертпе стильдеріне бөлінеді.

Төкпе күйлер Қазақстанның батыс аймақтарында кең тараған. Шертпе күйлер Қазақстанның шығыс, орта, оңтүстік өңірлерінде орын алған.

Батыс Қазақстан күйлері: Маңғыстау, Құрманғазы, Бөкейлік және Сыр бойы мектебі болып 4 негізгі мектепті құрайды. Бұлардың өзара стильдік ерекшеліктері тағы бар. Мысалға: Маңғыстау мен Бөкейлік мектептің айырмашылығы айқын байқалады. Сондай-ақ Құрманғазы мен Сыр бойы күйлерін бірдей деп айтуға келмейді.

Төкпе күйлер музыкалық құрылымы жағынан біркелкі болып келсе, шертпе күйлердің құрылымы аймақтық ән-жырлар, қобыз бен сыбызғы күйлері арқау болады. Орталық Қазақстанда Арқа дәстүрі, Оңтүстік Қазақстанда Қаратау дәстүрі және Шығыс Қазақстан аймағында теріс бұраудағы көне күйлерді орындау қалыптасқан.

Батыс Қазақстандық күйлер екі дауыста, жігерлі, ырғақтық жағынан біркелкі, дәстүрлі композициялық құрылыммен дамиды. Шертпе күйлер бір дауысты, ырғағы еркін, үрдісі сабырлы, көбінесе суырып салма принципі бойынша өрбиді. Шертпе күйлердегі әуен әнге жақын, дыбыс көлемі шағын болып келеді.

Төкпе және шертпе күйлердің айырмашылығы олардың оң қолмен дыбыс алу мәнерінде. Төкпе күйді оң қолдың барлық саусақтарымен сілтеп қағу тәсілімен орындалатындықтан «төгу» және «төкпе» сөздерінен шыққан. Ал, шертпе күйді ішектерді сұқ саусақпен бірге немесе алма-кезек шертіп ойнау тән. «Шертпе» сөзінің түбірі «шерту екендігі осыдан белгілі.

Төкпе күйлер дәстүр бойынша: бас буын, негізгі буын, орта буын, кіші саға мен үлкен саға деген бөліктерден тұрады. Әр буын күйде өзіндік мәнге ие. Бас буын күйдің «кіріспесі» болса, негізгі буында күйдің негізгі тақырыбы(әуені) жүреді. Орта буында негізгі тақырыпты дамыту болады. Сағада жүретін әуенді күйдің шарықтау шегі деуге болады. Ал, шертпе күйлерде бұндай бөлімдер жоқ, олардың дамуы, суырыпсалма түрінде жүреді.

Батыс өңірінде төкпе күй дәстүрін дамытушы күйшілер Құрманғазы, Дәулеткерей, Есір, Есбай, Қазанғап, Дина, Сейтек т.б. Шертпе күй дәстүрін қалыптастырушылар Байжігіт, Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай, Сүгір және олардың шәкірттері. Бұл күйшілер қазақ дәстүрлі музыкасына орасан зор үлес қосып, олардың барлығы артында орындаушылық мектеп қалдырды. Ол мектептер бүгінгі күнге дейін сақталып, ұрпақ игілігіне қолданылуда.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.П.Шегебаев, С.Елеманова Қазақ музыка әдебиеті, Астана Фолиант, 2015. 101 б
- 2.Т.Қоңыратпай Қазақ музыкасының тарихы Алматы, Дәуір 2011. 165 б
3. Музыка әлемінде Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал, №4 2006 63 б
- 4.«Өнер мен музыкалық педагогиканың өзекті мәселелері: дәстүрлер, инновациялар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, 2017 Атырау. 93 б

Abstract

The article describes the history of development and development of the nomadic way life of different genres of the Kazakh people, Kazakh art is compared with other Turkic peoples. Folk traditions depend on the traditions of

life, they are characterized by dombra, kobyz and sybyzga, as well as the names of the instruments to be performed.

Key words: History, traditional art of aytys, art of forging and folk instruments, masters of art, art of life, traditions and customs of the people.

FTAMP 17.82.09

А.Ақмұрзиев

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.

abai..95@mail.ru

ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ – ЗАМАНЫНЫҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ

Аңдатпа

Мақалада 1960-80 жылдары әдебиеттің поэзия жанрына өзінің елеулі үлесін қосқан, өмір шындығын бейнелеуде қалам тербеген ақын Т.Айбергеновтың шығармаларының суреткерлік шеберлігі сөз болады. Туындыларының тілдік, стилдік ерекшелігінің бірі шығармада философиялық лираканың, лирикалық қаһарман бейнесі, туған жерге деген сағынышы секілді өлең жырлары арқылы анықтау.

Негізгі сөздер: Поэзия, философиялық лирика, лирикалық қаһарман, сыршыл өлең, сағыныш.

XX ғасырдың 60 жылдары поэзиямыздың жаңа дәуірі басталған кезең болды. М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, С.Жиенбаевтар өздерінің ақындық таланттары арқылы қазақ өлеңіне үлкен серпіліс, жаңа өрлеу кезеңін ала келді. Міне, осы буын жасаған поэзияда ерекше орны бар үлкен талант, дүниеге өзінің аппақ, тап-таза пейілімен келіп, сол көңілмен кеткен сағыныштың ақыны – Төлеген Айбергенов. Жыр бәйгесінде өзінің талғампаздық, өнерпаздық құнынды, суреткерлік қасиетінді, азаматтық абыройыңды сақтап қалу үшін шынайы талантпен қоса дамылсыз ізденіс те керек. Міне, осы көкіректегі дарын мен көңілдегі ой-сезімді фонтан суындай көкке бір-ақ шапшытып, өнерпаз маңдайын айдай жарқыратар ізденіс-халқымыздың дарынды ұлдарына ғана тән қасиет.

Сондай ұлдарының бірі де бірегейі шоқ боп маздаған, асаулығы бойынан табылар қазақтың маңдайына біткен біртуар ақындарының бірі – Төлеген Айбергенов.

Жастайынан өлең шығаруға әуестенген ақынның балалық балғын өлеңдері мектеп оқып жүргеннен-ақ танымал бола бастады. Туған жерге деген албырт сағыныш пен алғаш мөлдір махаббатқа толы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан «Жас дәурен» атты ұжымдық жинақта басылды. Ақынның қазақ поэзиясына өзіндік жаңа ырғақ, тегеуірінді екпін әкелген